

ИЗМЕНЕНИЯ, ВНЕСЕННЫЕ ВО ВСЕ ОСНОВНЫЕ РАЗДЕЛЫ КОЛЛЕКТИВНОГО ДОГОВОРА, НАПРАВЛЕННЫ НА УЛУЧШЕНИЕ СОЦИАЛЬНОГО ПАКЕТА РАБОТНИКОВ, ДЕТЕЙ РАБОТНИКОВ, ВЕТЕРАНОВ И ПЕНСИОНЕРОВ, СОЦИАЛЬНО УЯЗВИМЫХ КАТЕГОРИЙ. ЕСЛИ ГОВОРИТЬ О «СТОИМОСТИ» ДОКУМЕНТА, ТО ЭТО ДОПОЛНИТЕЛЬНО БОЛЕЕ ПЯТИ МИЛЛИАРДОВ ТЕНГЕ НА СОЦИАЛЬНУЮ ПОДДЕРЖКУ И ПЛЮС 9,8 МИЛЛИАРДА ТЕНГЕ К ФОНДУ ОПЛАТЫ ТРУДА.

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель ОО «Казпрофтранс»



№10 (2940)
26/01/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚТЖ ЖҰМЫСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сәрсенбі күні Ұлттық компанияның мәжіліс залында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2023 жылдағы жұмыс қорытындысы мен 2024 жылы алға қойып отырған міндеттері талқыланды. Фойеде компанияның өткен жылы қол жеткізген жетістіктеріне арналған стенд ұйымдастырылып, онда көрініс тапқан деректер мен дәйектер бейнеролик арқылы көпшілік назарына ұсынылды.



Жиынға «Самұрық-Қазына» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы А.Рысқұлов, ҚР Көлік вице-министрі М.Қалиақпаров, ұлттық компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшылары қатысты.

Бірінші болып сөз алған «Самұрық-Қазына» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Айдар Рысқұлов ҚТЖ-ның өткен жылғы жұмыс қорытындысында оң динамика байқалып отырғанын, алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр жүк айналымында, әсіресе транзиттік тасымалда жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, қаржылық көрсеткішін жақсартқанын атап өтті. Сондай-ақ Компания тарапынан тарифті көтеруге қатысты бастама көтерілгенін және бұл бағытта жұмыс жүріп жатқанын жеткізді. Бұдан кейін Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров сөз алып, теміржол көлігі еліміз үшін стратегиялық рөлге ие екенін және Мемлекет басшысы бұл салаға айрықша мән беріп отырғанын атап өтті.

– Соңғы он жылда транзиттік контейнерлер көлемі бес есеге өсті. Бүгінде Қазақстан Еуразияның көлік хабына айналып отыр және тұрақты логистикалық жүйесі бар. Экспорттық және транзиттік бағытта ауқымды жобалар жүзеге асып жатыр. Жыл сайын жылжымалы құрам паркі жаңалануда, осы мақсаттарды жүзеге асыруға Көлік министрлігі өз құзыры шеңберінде

қолдау көрсетеді, – деді Көлік вице-министрі. Бұдан кейін Ұлттық компанияның 2023 жылдағы жұмыс қорытындысы туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмеғамбетов қысқаша баяндап берді. Былтыр пайдаланымдағы жүк айналымы 269 млрд тонна-км құрап, алдыңғы жыл көрсеткішінен 7% жоғары болған. Ал контейнерлік транзит 1 млн 282 мың ЖФЭ-ні құрап, 2022 жыл көрсеткішінен 13,5% артық шыққан. Қазақстан мен Қытай темір жолдары арасындағы жүктерді тасымалдау көлемі 22% өсіп, 28 млн тоннаға жетті. Бұл – елдер арасындағы теміржол байланысы ашылғаннан бергі максималды көрсеткіш.

2023 жылы жол жөндеудің ауқымды көлемі орындалып, 1443 км теміржол төсемі сауықтырылған. Былтыр компания үшін ғана емес, республика үшін де ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға

жұмыс орнына жеткізу үшін 384 бірлік көлік сатып алынған. ҚТЖ желісі бойынша жұмыс жүргізу үшін шалғайдағы станцияларға шығатын теміржолшылардың толыққанды демалуына қажетті барлық заттармен жабдықталған 132 модульдік ғимарат орнатылып, олар барлық қажетті инженерлік коммуникацияларға қосылған. Биыл 120-дан астам модульдік ғимарат орнату жоспарлануда екен. Сонымен қатар теміржол бойындағы аралықтарда теміржолшыларға жұмыс кезінде жаңбыр мен желден пана болатын 1224 жылыту пункт орнатылған. Компания топ-менеджерлері жұмысшыларға қолайлы еңбек жағдайын жасау жұмыстары ағымдағы жылы да жалғасатынын атап өтті. Жиынды қорытындылаған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Ұлттық компания қызметінің басым бағыты тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып қала беретінін



қатысты маңызды оқиғалар болғаны атап өтілді. Компанияның аппарат жетекшісі Серік Кеулімжаев өткен жылы жалақы 20%-ға өскенін, бүгінгі таңда компанияның өндірістік персоналдың орташа жалақысы республикалық деңгейден 26% асып түскенін мәлімдеді. Сонымен қатар былтыр қызметкерлердің санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту бойынша ауқымды іс-шаралар өткізілген. 228 ғимарат, 467 үй-жай және локомотив бригадаларының 37 демалыс үйі жөнделіп, желілік қызметкерлерді

айтты. 2024 жылдың негізгі міндеттерінің бірі – тасымалдау көлемін ұлғайту және транзитті дамыту, цифрландыру бағдарламаларын іске асыру, теміржол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамды жаңарту екенін жеткізді. Жиын соңында еңбегі еленген бір топ маман Самұрық-Қазына компаниясы тарапынан Құрмет грамотасымен және ҚР Көлік министрлігі тарапынан Алғыс хатпен марапатталды.

Сұлуғұл БАКЕСОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ЕСЕП БЕРДІ



«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің отырысында қорға қарасты компаниялар тобының өткен жылғы жұмыс қорытындысы шығарылды.

Соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша да бірқатар жұмыстар айтылды. Қордың басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов бастаған компанияның түрлі бағыттағы басқарушы директорлары мен департамент басшылары журналдың экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры Айдар Рысқұлов Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобаларға қаржы Ұлттық қор арқылы тартылатынын жеткізді.

– Мәселен, сондай жобалардың бірі Достық – Мойынты теміржол желісінің құрылысы елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған. Жобадағы қазақстандық қатысу үлесі 85 пайыздан жоғары. Бұл жоба ел экономикасына мультипликативті тиімділік әкеледі, – деді ол.

Өндірістік көрсеткіштерге қатысты: 2022 жылы теміржолмен жүк айналымы 245,2 млрд ткм құраса, былтыр 262,4 млрд ткм болған. Ал контейнерлік транзит көлемі алдыңғы жылы 1 129,2 мың ЖФЭ, өткен жылы 1 282,1 мың ЖФЭ болған.

Теміржолдағы жолаушылар тасымалы сапасына қатысты, бұл қызмет бәсекеге қабілетті ортада дамып жатқаны сөз болып, ҚТЖ-ның еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ-дан басқа нарықта 13 жеке тасымалдаушы жұмыс істейтіні айтылды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ паркі 2 мың вагоннан асатыны және қазіргі таңда оны кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатқаны да мәлім болды. Соңғы 3 жылда 250 жаңа вагон сатып алынған. Он жыл ішінде жолаушылар вагон паркі 50 пайызға жаңарған. Енді «Stadler» компаниясымен ұзақ мерзімді келісімшарт жасалып, 537 вагон алу көзделуде. Яғни вагон паркін жаңарту жұмыстары жалғасын табады.

Отырыс барысында барлық саладағы, соның ішінде теміржолдағы тариф мәселесі де көтерілді. Тариф әділетті болуы керек. Мәселен, Қытаймен арада жүк тасымалдауда вагонда құм ба, қант па, басқа ма, оның тарифке әсері болмауы қажет. Тариф бағасы өзіндік құннан төмен жерге шетелдік инвесторлар да инвестиция салмайды, сондықтан тариф саясаты әділ әрі нақты болуы керек деген пікірлер айтылды. Өткен жылы 1,2 трлн теңгеге экономиканы жеңілдікті тарифтер арқылы субсидиялауға қол жеткізіліп, соның ішінде 500 млрд теңгеге жуығы Қазмұнайгаз арқылы, 450 млрд теңгеге жуығы ҚТЖ арқылы жүзеге асырылған.

Райхан РАХМЕТОВА

ВАЖНЫЕ ПРОЕКТЫ В ЛОГИСТИКЕ



Министерство транспорта сформировало пул важнейших проектов в сферах железнодорожного и морского транспорта, авиации и автодорог.

Вице-министр транспорта РК Талгат Ластаев провел встречу с представителями Международной финансовой корпорации (IFC) группы Всемирного банка.

На встрече были обсуждены вопросы сотрудничества по реализации проектов государственно-частного партнерства в области транспорта, логистики, автодорог и авиации.

В частности, стороны рассмотрели вопросы сотрудничества по развитию некоторых казахстанских аэропортов, сухих портов и логистических парков, строительству третьего пункта пропуска на границе Казахстана с Китаем, дальнейшему развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута, контейнерного хаба в порту Актау и многофункционального морского терминала «Саржа», а также реконструкции ряда автомобильных дорог.

– В ближайшем будущем для реализации всех поставленных задач в транспортной отрасли, в том числе для увеличения транзитных мощностей, потребуется порядка 40 миллиардов долларов. Министерством сформирован пул 36 проектов в сферах железнодорожного и морского транспорта, авиации и автодорог. Из них реализуемые – 12, перспективные – 24. Ведется работа с Abu Dhabi Ports, Порт Ляньюньган, PSA, FESCO, COSCO Shipping, Rhenus, SOVICO, Terminal Holding, TAV Holding и другими, – рассказал Талгат Ластаев.

В завершение встречи ее участники выразили надежду на дальнейшее плодотворное сотрудничество в области транспорта.

Айлин БАУРЖАН, Астана

Круглый стол ПРЕИМУЩЕСТВА ТМТМ ОБЕСПЕЧИВАЮТ РОСТ ЭКСПОРТА

В столице состоялся международный круглый стол, организованный АО «НК «ҚТЖ» с участием ЗАО «АЖД» (Азербайджан) и крупных отечественных экспортеров. На мероприятии обсуждены преимущества и возможности Транскаспийского маршрута (ТМТМ), которые позволяют максимально быстро и экономически выгодно доставить груз отечественных экспортеров на мировые рынки.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Так, участники круглого стола – представители казахстанского бизнеса, экспортеры (горнодобывающей, нефтехимической, аграрной и другой продукции), крупнейшие грузоотправители смогли напрямую задать свои вопросы, внести предложения и обсудить ключевые вопросы взаимодействия в организации грузовых перевозок, развития перевозок по ТМТМ.

В целом повестка мероприятия была обширной – помимо тарифов и номенклатур груза затронуты также вопросы таможенного оформления, судебных партий, спотовых рынков, биржевых котировок, снижения затрат экспортеров на транспортировку продукции и другие. Выступав-



шие говорили о совершенствовании таможенных процедур, модернизации транспортно-логистического сектора, цифровизации транспортных услуг на международном коридоре, формировании и реализации логистической политики.

Экспортеры отметили, что благодаря проводимой политике ҚТЖ по поддержке отечественных производителей все больше предприятий стали поставлять

свою продукцию на более дальние расстояния. Для этого ҚТЖ активно ведет работы по развитию «мягкой и твердой инфраструктуры» ТМТМ, по повышению сервиса логистических услуг как на территории Казахстана, так и за пределами страны.

– По ТМТМ за 2023 год перевозки грузов составили 2,8 миллиона тонн, увеличившись на 86% по сравнению с 2022 годом (рост 1,5 миллиона тонн).

На сегодня маршрут предоставляет конкурентоспособный срок доставки – в среднем 12 суток. В среднесрочной перспективе мы заинтересованы довести объемы грузоперевозок по коридору до 10 миллионов тонн, – отметил заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по логистике Ерлан Койшибаев.

Грузоотправители, экспортеры озвучили свои вопросы и предложения для дальнейшего достижения положительных результатов в работе. Главным лейтмотивом встречи стало то, что потенциал у маршрута высок, и сегодня имеются возможности нарастить перевозки по всем видам сообщений.

Кроме того, в рамках визита азербайджанских железнодорожников в Казахстан состоялся ряд рабочих встреч и переговоров с представителями АО «НК «ҚТЖ», казахстанскими экспортерами, логистическими компаниями и грузоотправителями.

Трудно переоценить важность таких встреч, ведь сегодня главной задачей является преобразование Казахстана в международную транзитную страну, в том числе в рамках развития Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПОКАЗАТЕЛИ ВВЕРХ



В 2023 году всеми видами транспорта в Казахстане перевезено 980,7 миллиона тонн грузов, что на 4,4% больше, чем в предыдущем.

Любовь РОВБА,
Астана

Грузооборот по всем видам транспорта за этот период увеличился на 3,1% к уровню 2022 года и достиг 501,3 миллиарда тонно-километров. На 8,3% выросло число

перевезенных пассажиров – до 1 579,9 миллиона человек. Пассажирооборот составил 72,8 миллиарда пассажиро-километров, рост в сравнении с 2022 годом на 10,3%, сообщили в СТК «Kazlogistics».

При этом железнодорожным транспортом за год перевезено 416 361,9 тысячи тонн



Қажыбек НАШАНОВ,

Бұрабай курорты локомотив пайдалану депосының бастығы:

БҰРАБАЙ КУРОРТЫ ЛОКОМОТИВ ПАЙДАЛАНУ ДЕПОСЫНЫҢ КӨКШЕТАУ СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ АЙНАЛЫМ ДЕПОСЫНЫҢ БАЗАСЫНДА ЛОКОМОТИВТЕРГЕ РЕОСТАТТЫҚ СЫНАҚТАР ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ. РЕОСТАТТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ЖҮРГІЗУ ОСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰНЫН, ЛОКОМОТИВТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУГА НЕМЕСЕ ҚАЙТА ОРНАЛАСТЫРУҒА, ІЛЕСІП ЖҮРЕТІН ПЕРСОНАЛДАРДЫҢ ІССАПАРЫНА ЖҰМСАЛТЫН ШЫҒЫНДАРДЫ ҮНЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
530 тыс.

ПАССАЖИРОВ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ПЕРЕВЕЗЕНО ПОЕЗДАМИ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ».

В 2024 ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ТЕКУЩИЙ РЕМОНТ НА

28
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛАХ.

ДО НАЧАЛА ПАВОДКОВОГО ПЕРИОДА ҚТЖ ПРОВЕРИТ СОСТОЯНИЕ

83
ПЛОТИН И ВОДОХРАНИЛИЩ.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



Биыл 3 ақпаннан бастап «пойыз+ұшақ» интермодальды тасымалдау пилоттық жобасы іске қосылады. Бұл жоба «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «SCAT» әуе компаниясы және «UvU» компаниясымен өзара ынтымақтас-тығының аясында жүзеге аспақ.

Жолаушыларға ұсынылатын бұл қызмет автобус, әуе және теміржол билеттерін бір бағыт бойынша сатып алуға мүмкіндік береді. Осылайша азаматтар өздеріне ыңғайлы бағытты таңдап, билет іздеуге жұмсайтын уақыттарын үнемдейді. Сондай-ақ қызмет арқылы еліміздің барлық қалалары бойынша саяхаттау мүмкіндіктері кеңейеді. «Пойыз+ұшақ» пилоттық жобасы «Қостанай-Астана-Шымкент» бағытында және кері бағытта сынақ түрінде өткізіледі.

Пилоттық жоба биылғы жылдың 28 ақпанында аяқталады. Жолаушылар әуе билеттерін scat.kz сайтынан, ал темір жол билеттерін билет.railways.kz сайтынан қарай алады. Одан бөлек, қажетті мекенжайды таңдап, uvu.kz/ktz сайты арқылы трансферге тапсырыс беруге болады.

Естеріңізге сала кетейік, интермодальды тасымалдау жобасы аясында «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Перроннан үйге дейін» және «Арнайы автобус» қызметтерін іске қосқан болатын. Жолаушылар арасында бұл қызметтердің сұранысы артып келеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Шалғай станциялардағы теміржолшылардың әлеуметтік ахуалы, олар үшін қолайлы еңбек ортасын қалыптастыру – бірінші кезектегі мәселе. Бұл орайда шығыстағы сала қызметкерлері үшін есіресе өткен жыл айтарлықтай игіліктер әкелді.

Желі бойындағы жолшылар қосынын қайта жабықтыау, жылыну үйшіктерін талапқа сай ету және локомотив бригадалары үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайды жақсарту мақсатында елеулі жұмыс жасалды. Мәселен, Шар, Дегелең, Риддер, Күмістау, Алтай сынды шалғайдағы станциялардағы локомотив бригадаларының демалыс үйлерін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін жалпы көлемі 72 700,31 мың теңге бөлініп, толықтай игеріліпті. Соның нәтижесі болар, биылғы қатал қыста локомотив бригадалары тарапынан ешқандай шағым түспеген.

– Ұлттық компания басшылығының назарға алуымен ТД-17 Шар айналым депосында орналасқан демалыс үйі бұрын-соңды болмаған деңгейде қайта жаңарды. Аяғөздегі ТЧЭ-25 мекемесінің бас ғимаратында заманауи спорт залы ашылғаны да игілікті іс болды. Салауатты өмір салтын ұстанған теміржолшылар бос уақыттарын сонда өткізуде, – дейді бұл орайда Аяғөз локомотив пайдалану депосының машинист көмекшісі Жанарбек Бейсембин.

Ал НЖС-6-ға қарасты шаруашылықтар бойынша жайлы еңбек ортасын қалыптастыру ешқашан күн тақырыбынан түскен емес. Мәселен, ПЧ-42, ПЧ-40, ПЧ-39 мекемелері бойынша жолшыларға арналған барлық жылыну пункттері толыққанды жөндеуден өткізіліп, жаңартылған. Сонымен қатар Жаңа-Семей-Дегелең бағытындағы бірқатар станцияларда жолшылар үшін жаңадан модульдар пайдалануға берілген. Биылғы жылға да ауқымды жоспар бар.

Жалпы, сала еңбеккерлері бүгінгі таңда теміржол саласында жасалып жатқан игілікті істерге разы, жалақы жыл сайын аз-аздан болса да көтеріліп келеді, уақытында төленеді, ал жаңадан қабылданған ұжымдық шартта теміржолшылардың әлеуметтік ахуалына баса назар аударылып отырғаны да көңілден шығады. Теміржолшылардың сөзі, өтінші-тілегі мекеме басшыларына дер кезінде жетеді. Яғни желі бойындағы қарапайым жолшылардан бастап кеңсегі қызметкерлерге дейін бөлімше директорының WhatsApp номеріне тікелей хат-хабар жазып, арыз-шағымын айта алады. Өткен күзден бастап қолға алынған шара нәтижесіз емес. Сондықтан болар, соңғы уақытта еңбек даулары күрт азайып, мезі ететін түрлі тексерулер де саябырлаған.

КӘСІПОДАҚТЫҢ РӨЛІ АЙРЫҚША

«Қазақстан салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Орталық Кеңесі төрағасының орынбасары **Жұпарбек Сәбитовтың** Ақтөбеге сапары барысында атқару комитетінің отырысы өтті.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Онлайн және офлайн форматта өткен жиынға Батыс филиалының кәсіподақ төрағалары түгел қатысып, биылғы жылы жаңадан қабылданған Ұжымдық шартты талқылады. Теміржолшылардың жағдайын жақсартуға бағытталған мәселелер сөз болды.

«Кәсіподақ жұмысы көзге көп көріне бермейді. ҚТЖ мен оның еңбек ұжымы арасындағы алдағы үш жылға арналған Ұжымдық шартқа теміржолшылардың игілігіне қызмет ететін бірқатар қосымшалар енгізуге күш салып, үлкен жұмыс атқардық. Бүгінде ол еңбек ұжымдары арасында жан-жақты таныстырылып жатыр. Мысалы, енді жас мамандарға қолдау көрсетуге ерекше мән беріледі. Олар кішкентай станцияларда тұрақтап қалу үшін көтерме қаржы 25 АЕК-тен 40 АЕК-ке дейін өсті. Сонымен қатар Бурабайдағы шипажайға



теміржолшыларға шектеу алынады. Енді жалақысының қанша болғанына қарамастан алдағы уақытта теміржолшылардың бөріне шипажайға жолдама берілетін болады», – деп ұжымдық шарттағы кейбір өзгерістерге тоқталған

Жұпарбек Сәбитов, теміржолшылардың өздеріне тиесілі әлеуметтік жеңілдіктерді пайдалануына назарда ұстауда кәсіподақтың рөлі айрықша екенін жеткізді.

Батыс аймақтық филиал төрағасы Ғабит Садықов жаңа Ұжымдық шарт қолданыстағы еңбек заңнамасының шеңберін кеңейтіп, еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қосымша қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді. «Бүгінгі таңда кез келген ұжымда еңбек қатынастары, теміржолшылардың денсаулығына, отбасындағы жағдайға байланысты қолдау көрсету өзекті саналады. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар қашан да кәсіподақ назарында», – деді.

Суретті түсірген автор

ҚАРЖЫ ОРЫНДЫ ЖҰМСАЛҒАН

Жуырда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Атырау қосалқы бөлімшесінің кәсіподақ комитеті мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесінің Атырау өңірі бойынша өкілдігі есеп берді.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жиында баяндама жасаған бөлімшенің кәсіподақ комитеті төрағасы Боранбай Қамиев өткен жылда жасалған жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді де атап өтті. Төрағаның айтуынша, Атырау өңірі бойынша барлығы 4453 кәсіподақ мүшесі бар. Соның ішінде Атырау қосалқы бөлімшесі бойынша бүгінде 2375 кәсіподақ мүшесі еңбек етеді. Есепті жылы кәсіподақ комитеттері 84 отырыс өткізіп,

онда мәдени-көпшілік іс-шаралар мен спорттық іс-шаралар өткізуді жоспарлау, кәсіподақ мүшелерінің, зейнеткерлердің әлеуметтік, шаруашылық мәселелерін шешу, т.б. мәселелер қаралған. «Өткен жылы көктемгі және күзгі комиссиялық байқауларды қоспағанда, кәсіподақ жетекшілері мен комитет мүшелері желдегі қызметкерлермен жиі кездесіп, олардың еңбек жағдайларына, әлеуметтік мәселелеріне байланысты туындаған сұрақтарды шешу мақсатында тиісті орындарға хат жолдап, 2024-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа ұсыныстарын талқылап жинақтады. Осы кездесулерден жиналған ұсыныстар Ұжымдық шартты қабылдауда бірқатар өзгерістерге, яғни әлеуметтік көмектердің жақсаруына септігін тигізді» деді ол.

Есепті жылы кәсіподақ мүшелерінің еңбекақыларының 1 пайызы мөлшерінде Кәсіподақтың Орталық кеңесіне аударылған мүшелік жарнадан «Бастауыш кәсіподақ ұйымдары туралы» Ережеге сәйкес 68 пайызы – 78 125 000 теңге Атырау қосалқы бөлімшесі кәсіподақ комитетіне берілген. Оның ішінде

17 458 000 теңге Атырау локомотив пайдалану депосына, 22 153 000 теңге Мақат локомотив пайдалану депосына, 12 039 000 теңге Атырау вагон пайдалану депосына, 26 566 000 теңге Атырау қосалқы бөлімшесіне тиесілі. Аталған қаржыны осы мекемелер өздерінің жоспарына сәйкес, ай сайынғы сұраныстарына байланысты әртүрлі мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға, балалар мен зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау жұмыстарына, кәсіподақ белсенділерін, техниктерлерді, келісім комиссия мүшелерін оқытуға, қызметкерлерге материалдық көмек беру жұмысына. Атап айтқанда, мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға, материалдық көмекке, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, қысқасы, қаржы орынды жұмсалған. Сонымен қатар түрлі мерекелік іс-шаралар бар. Өңір теміржолшыларының сұрауына байланысты 15 410 000 теңге жазғы спорт алаңын орнатуға алғашқы төлем ретінде аударылыпты. Оның құрылысы наурыз-сәуір айларында аяқталады деп күтілуде.

Биыл Қазақстан теміржолының 120 жылдығына орай журналистер арасында байқау өткізу, сонымен қатар өңір теміржолшының тарихына арналған кітап-энциклопедия шығару, спорт алаңын ашу, Ресей теміржолы кәсіподағы мен Қазкөліккәсіп арасындағы меморандумға сәйкес Астрахань-Атырау футбол командаларының жолдатық кездесуін өткізу жоспары бар.

Жиын соңында бірқатар кәсіподақ мүшелері марапатталды, олардың қатарында биылғы ультрамарафонда 1-ші орынды жеңіп алған екі желаяқ – Гауһар Толыбаева пен Ерлан Жұпаров бар.

Суретті түсірген автор

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ БЕЛГІЛІ



Қызылорда жол дистанциясына қарасты жол телімінің сапасы қанағаттанарлық. Оған өткен жылы атқарылған бірқатар жаңғырту жұмыстарының да септігі тигені сөзсіз.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Мәселен, Белкөл және Шиелі станцияларында 4 қосалқы жолға күшейтілген жөндеу жұмыстары ПЧМ-Ағадар мекемесі техникаларының күшімен жасалып, ескі Р50 типті рельстер Р65 типті рельстермен ауыстырылды. 18 жаңа бағыттамалық бурма темірбетон сырғауылдарымен, ескі болса да жарамды 11 бағыттамалық бурманың темір бөлшектері ауыстырылған, оның ішінде 5 бурма Р50 типті рельс Р65 типті рельске жаңартылған. 37 шақырым жол бойы малға қарсы қоршаулар тікенең сыммен қосымша қоршалып, 13,8 шақырым қоршауға жөндеу жұмыстары жүргізілген.

– Биылғы жылы дистанция бойынша 23 шақырымға: Қараөзек-Қызылорда-Белкөл, Шиелі-20-бекет, Аққұм-Екпінді-Талап станциялары аралықтарында күрделі жөндеу жұмыстары жасалады деп жоспарланып отыр. Және де телімдерде 16 жинақ бағыттағыш бурма темірбетон сырғауылдарымен ауыстырылады. 6 жинақ бағыттағыш бурманың металл бөліктері Р50 типтен Р65 типті рельстерге ауыстырылады, станциялардың 10 шақырымдық жолдарында күшейтілген жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ол жерлердегі Р50 типті рельстер Р65 типті ескі жарамды рельстермен ауыстырылады. Осының бәрі биылғы жұмыс жоспарына ұсыныс ретінде енгізіліп, бекітілді, – дейді дистанцияның



техникалық бөлімінің жол инженері Ахметқали Елеусинов.

Жолшылар ұжымы жолды күнделікті, ағымдық жоспарлы күтіп-баптауда технологиялық талаптарды толық сақтай отырып жұмыстарын кәсібилікпен жүргізуде. Биылғы меже белгілі. Оған дайындық бүгіннен басталады.

Суретті түсірген автор

Шекті бағада жазылған инвестициялық бағдарламаны орындау немесе орындамау туралы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат БСН 031 040 001 799, 49200 (ЭҚЖС бойынша қызмет түрі)

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)	Іс-шараның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру мерзімі		Шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама нысанының, іс-шараның жоспарланған параметрлері (көрсеткіштері)				Орындау, шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама нысанының, іс шараның нақты параметрлері (көрсеткіштері) (тоқсандық, жиынтық) 31.12.2023 ж. жағдай бойынша				Фактінің жоспардан ауытқуы (+, -)		
				1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Инвестициялар көзі	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Инвестициялар көзі	Техникалық параметрлері
1	KZ8A сериялы жүк электровоздарын сатып алу	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Локомотивті сатып алу	бірлік	бірлік	мың теңге	154,138,568	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	бірлік	мың теңге	49,418,028	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-2	-104,720,540	
					бірлік	мың теңге	47,150,408	меншік қарыз			мың теңге	10,182,773	меншік қарыз		-36,967,635	
2	ТЭЗ3А сериялы жүк тепловоздарын сатып алу	тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Локомотивті сатып алу	бірлік	бірлік	мың теңге	20,715,687	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	5	мың теңге	275,543	меншік қарыз	-9	-110,199	
					бірлік	мың теңге	20,329,945	қарыз			мың теңге	15,264,531	қарыз		-5,065,414	
3	2ТЭ25КМ сериялы 2 секциялы магистральдық жүк тепловоздарын сатып алу	тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Локомотивті сатып алу	бірлік	бірлік	мың теңге	25,458,452	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	3	мың теңге	6,743,216	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-36	-18,715,236	
					бірлік	мың теңге	25,458,452	меншік қарыз			мың теңге	6,743,216	меншік қарыз		-	
4	Маневрлік тепловоздарды сатып алу	комитетінің 2023 жылғы 20 қазандағы №32-1-32/5777 хатына сәйкес 2023 жылғы 1 қарашадан бастап бекітілген	Локомотивті сатып алу	бірлік	бірлік	мың теңге	86,658,215	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	14	мың теңге	23,970,723	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-18	-62,687,492	
					бірлік	мың теңге	86,658,215	қарыз			мың теңге	23,970,723	қарыз		-62,687,492	
5	ВЛ-80 сериялы электровоздарды күрделі жөндеу	Ивестициялық бағдарлама 2023 жылдың 1 қарашасынан бастап жарамды	Локомотивті күрделі жөндеу	бірлік	бірлік	мың теңге	14,825,883	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	1	мың теңге	797,845	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-13	-14,028,038	
					бірлік	мың теңге	14,825,883	меншік қарыз			мың теңге	797,845	меншік қарыз		-14,028,038	
6	ТЭМ сериялы тепловоздарды күрделі жөндеу	Ивестициялық бағдарлама 2023 жылдың 1 қарашасынан бастап жарамды	Локомотивті күрделі жөндеу	бірлік	бірлік	мың теңге	4,517,869	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	11.5	мың теңге	2,164,812	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-12	-2,353,057	
					бірлік	мың теңге	4,517,869	меншік қарыз			мың теңге	2,164,812	меншік қарыз		-2,353,057	
7	ТЭМ сериялы тепловоздарды күрделі жөндеу	Ивестициялық бағдарлама 2023 жылдың 1 қарашасынан бастап жарамды	Локомотивті күрделі жөндеу	бірлік	бірлік	мың теңге	1,409,507	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік	2	мың теңге	201,358	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	-4	-1,208,149	
					бірлік	мың теңге	1,409,507	меншік қарыз			мың теңге	201,358	меншік қарыз		-1,208,149	
				бірлік	бірлік	мың теңге	552,955	барлығы, оның ішінде меншік қарыз	бірлік		мың теңге		барлығы, оның ішінде меншік қарыз		-552,955	
					бірлік	мың теңге	552,955	меншік қарыз			мың теңге		меншік қарыз			

Бас директор (Басқарма Төрағасы)

В. Петров

ИТОГИ

КТТ: ВСЕ ЗАДАЧИ ВЫПОЛНЕННЫ

В 2023 году АО «Қазтеміртранс» на 100% обеспечило заявки грузоотправителей по перевозке социально значимых грузов и достигло успехов по всем ключевым показателям. Оператору вагонов удалось увеличить свою долю на рынке Казахстана на 1% и повысить доходность.

Любовь РОВБА,
Астана

Результаты деятельности за прошлый год и планы на 2024-й озвучили на минувшей неделе в Астане в рамках заслушивания филиалов АО «Қазтеміртранс» под председательством генерального директора акционерного общества Кайрата Саурбаева.

В мероприятии приняли участие заместители генерального директора, руководители структурных подразделений центрального аппарата, а также директора филиалов КТТ.

Кайрат Саурбаев в приветственном слове поблагодарил коллектив за проделанную работу, отметив, что 2023 год был непростым, однако компания выполнила все поставленные задачи и достигла положительных результатов в финансово-хозяйственной деятельности.

В прошлом году за счет выполнения повышенных планов по ремонту подвижного состава на 4 805 единиц и приобретения,



согласно заключенному договору, 242 новых вагонов рабочий парк был увеличен на 2 796 единиц по сравнению с 2022 годом. Нерабочий парк снизился на 5 102 вагона, – проинформировал генеральный директор АО «Қазтеміртранс».

В ходе встречи заместитель генерального директора по корпоративным вопросам Эдиль Исаков отметил, что за прошедший год максимально обеспечены заявки грузоотправителей по перевозкам социально значимых грузов и угля – на 100%, на 95% выполнен план по перевозке зерна, на 99%

– щебневой продукции для строительства автодорог по заявкам ТОО «Қазахавтодор» и МИИР РК.

– Удовлетворенность клиентов составила 86%, что на 1% больше по сравнению с 2022 годом. Доля рынка в Республике Казахстан выросла до 46% (45% – в 2022-м), – сообщил Эдиль Исаков.

Получена чистая прибыль компании – 14,5 миллиарда тенге, что выше факта 2022 года на 94 миллиарда тенге.

Высокие результаты по итогам года продемонстрировали филиалы в Кокшетау, Костанай, Павлодаре,

Алматы, Кызылорде и Актобе, добившиеся перевыполнения плановых производственных показателей.

Участники мероприятия обсудили также кадровые и социальные вопросы, фонд оплаты труда, финансовую устойчивость организаций и имеющиеся проблемы.

